

2012 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXX сессиясының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 493 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2011 жылғы 30 желтоқсанда № 913 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2013 жылғы 22 мамырдағы № 118 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 22.05.2013 № 118 шешімімен (ресми жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38 бабына және Қазақстан Республикасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) кодексінің 487 бабының 1 тармағына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2012 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXIV сессиясының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 381 «2011 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» шешімнің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 872 болып тіркелген, «Алматы Ақшамы» газетінің 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 5 және «Вечерний Алматы» газетінің 2011 жылдың 18 қаңтардағы № 6 сандарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Алматы қаласы мәслихаты (Т.Т. Мұқашев) нормативтік-құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты депутаттық комиссиясының төрағасы А. Шелипановқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасарына Е. Шормановқа жүктелсін.

5. Осы шешім 2012 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

I V с а й л а н ғ а н
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы
XXXXX сессиясының төрағасы Д. Петрухин

I V *с а й л а н ғ а н*
Алматы қаласы мәслихатының
Т. Мұқашев

хатшысы
I V *с а й л а н ғ а н*
Алматы қаласы мәслихаты
Х Х Х Х Х *сессиясының*
2011 жылғы «07» желтоқсандағы
№ 493 шешіміне қосымша

**2012 жылға арналған
Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің
су ресурстарын пайдалану үшін
төлемақы ставкалары**

Арнайы су пайдалану түрі							
Өзендер, көлдер, теңіздердің Бассейндері	Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер, (тиын/1 текше м.)	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қосқанда, (тиын/1 текше м.)	Ауыл шаруашылығы (тиын/1 текше м.)	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылық-тары, (тиын/1 текше м.)	Балық шаруашылығы, су көзде рінен балық аулайтын тұтынушылар, (тиын/килogramm)	Гидроэнергетика, (тиын/1 кВт.сағат)	Су транспорты, (тиын/ т. шақырым)
Балқаш және Алакөл көлдерінің және өзендердің алабтары	8,1	22,4	6,4	6,2	16	2,4	0,7

I V *с а й л а н ғ а н*
Алматы қаласы мәслихаты
XXXXX сессиясының төрағасы *Д. Петрухин*
I V *с а й л а н ғ а н*
Алматы қаласы мәслихатының
хатшысы *Т. Мұқашев*